

Қызылорда облысындағы мемлекеттік ұйымдарда іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 40 шешімі. Қызылорда облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 27 қыркүйекте N 828 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы N 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2012.03.28 N 20 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 550 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі "Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде 2001-2002 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспары туралы" N 450 Қаулысын басшылыққа ала отырып, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 14-тармақшасына, 7-бабының 1-тармағына сәйкес облыстық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімиятының 2001 жылғы 13 қыркүйектегі N 68 "Қызылорда облысындағы мемлекеттік ұйымдарда іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы" Қаулысы еске алынып, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын жүзеге асыруға ықпал етілсін.

2. Жыл сайын облыстық бюджетті қараған кезде жергілікті жерде тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті қаражат бөлінуі қарастырылсын.

О б л ы с т ы қ М ә с л и х а т

VIII сессиясының төрағасы